# Өлең сөздің патшасы...




**Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгінде ол үнге біздің де үніміз қосылып, хакім Абайдың 175 - жылдығын атап өту мақсатында Арқалық қалалық Мәдениет сарайының ұйымдастыруымен «Өлең сөздің патшасы» атты Абай өлеңдері мен әндерінің қалалық ONLAIN байқауы өтті.**

Байқаудың негізгі мақсаты: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыра отырып, Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өнегелі өмірі мен шығармашылығын насихаттау, сөз өнерінің қыр – сырын ашу, жас өрендердің поэзияға, әнге деген құштарлығын арттырып, өнерлеріне жол ашып, қолдау көрсету болып табылады. Іс-шара екі кезең бойынша өтті.

I кезең: «Абай әлемі» ақынның қара сөздері мен өлеңдерін нақышына келтіріп, видеоролик арқылы көркемдеп жеткізу;

II кезең: «Көңілім әнді ұғады» Абай әндерін орындау, видеоролик арқылы көркемдеп жеткізу;

Бұл шараға қаламыздағы оқу орындары мен білім ордаларынан барлығы 56 үміткер өз өтініштері мен бейнероликтерін ұсынды. Бұл бейнероликтер алдын-ала @culture_arkalyk инста парақшасында жарияланды. Нәтижесінде қазылар алқасының шешімімен қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар анықталды. Қатысушы үміткерлер екі кезең бойынша жас ерекшеліктеріне сай (7-12; 13-17; 18-25) бағаланды. Әлемде болып жатқан індеттің қауіпсіздік шараларын қатаң сақтай отырып, жеңімпаздар шақырылып, арнайы диплом мен ақшалай сыйлық табысталды. Дарынды шәкірттер дайындаған жетекшілерге мекеме атынан алғыс хат ұсынылды.

**Зәмзағүл ТАПАЛОВА,**
**Арқалық қалалық Мәдениет сарайының әдебиет бөлімі меңгерушісі.**